

«Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



«БЕКІТІЛДІ»

Ғылыми кеңес шешімімен

№1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

**Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында
кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы
ретінде айқындау ережелері**

Арқалық, 2024

1. Кәсіптік практика бакалаврларды даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады, оның барысында білім алушыларды таңдаған білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) бойынша еңбек қызметін жүзеге асыру үшін қажетті кәсіппен таныстыру, олардың практикалық машықтар мен дағдыларды игеруі жүзеге асырылады.

2. Кәсіптік практиканың мазмұнына, ұйымдастырылуына және өткізілуіне қойылатын талаптар ББ іске асыратын практиканың әрбір түрі үшін профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ) әзірлейтін практиканың жұмыс бағдарламаларында айқындалады.

3. Институтта іске асырылатын ББ-ларында көзделген практиканың негізгі түрлері:

- оқу;
- оқу-танысу;
- психологиялық-педагогикалық;
- педагогикалық;
- өндірістік;
- дипломалды.

4. Кәсіптік практиканың әрбір түрін өтудің ұзақтығы, академиялық кезеңі ББ-мен белгіленеді және жұмыс оқу жоспарында бекітіледі

5. Кәсіптік практиканың негізгі міндеті – студенттердің оқу процесінде алған теориялық білімдерін, кәсіби біліктері мен дағдыларын практика өтетін ұйымның жұмысын зерттеу негізінде бекіту және тереңдету.

6. Кәсіптік практиканың мазмұны практиканың жұмыс бағдарламасымен анықталады.

7. Практика бағдарламалары ББ бейінін, практика базасы болып табылатын ұйымның ерекшеліктерін ескере отырып әзірленеді.

8. Тәжірибені ұйымдастыру:

- ББ және берілетін дәрежеге сәйкес түлектердің дайындық деңгейі мен мазмұнының минимумына қойылатын талаптарды орындауға;
- студенттердің практика бағдарламасына сәйкес кәсіби қызметтің практикалық негіздерін үздіксіз және жүйелі меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған.

9. Практиканы ұйымдастыру және өткізу бойынша жалпы жетекшілік оқу жылы басталғанға дейін оқу жылына арналған кәсіптік практикаларды өткізу кестесін әзірлейтін, сондай-ақ практика мәселелері бойынша кеңес беру және қажетті құжаттамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін кәсіптік практика меңгерушісіне жүктеледі.

Практикаға жетекшілікті ПОҚ Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығына сәйкес жүргізеді. Практика жетекшілері практика барысында (практиканттың практикаға уақытылы баруын, мектептегі тәртібін, берілген тапсырманы орындауын, өткізген сабақтарына дайындығын, сабақ сапасын) қадағалауға міндетті.

Белгілі, белгісіз себептермен практиканы өтпеген студенттердің мерзімі анықтама негізінде ұзартылады.

10. Практика басталғанға дейін 2-3 күннен кешіктірмей ұйымдастыру конференциясы өткізіледі, практика күнделіктері беріледі. Практика күнделіктерін қол қойғызып ББ бойынша кәсіптік практика үшін жауапты тұлға тағайындалады.

11. Студент практикадан өту кезінде:

- бағдарлама мен тәжірибе жоспарында қарастырылған тапсырмаларды толық орындауға;
- ұйымда қолданылатын ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындауға;
- орындалған жұмыс және оның нәтижелері үшін жауапты болуға;
- орындалған жұмыстардың барлық түрлері жазылатын практика күнделігін жүргізуге;
- практика жоспары бойынша барлық тапсырмалардың орындалуы туралы жазбаша талдамалық есеп дайындауға;
- практика өткен ұйымнан мінездеме ұсынуға міндетті.

12. Практика аяқталғаннан кейін студент институттан бекітілген практика жетекшісіне белгіленген тәртіппен ресімделген практика күнделігін (практика туралы жазбаша есеп) ұсынады.

13. Практика күнделігінде (есепте), сондай-ақ практика туралы ұйымнан практика жетекшісі қол қойған пікірде практика кезеңінде орындалған жұмыс туралы мәлімет, сондай-ақ практика бойынша қорытынды мен ұсыныстар болуы тиіс.

14. Практиканы қорғау практика аяқталғаннан кейін жеті күннен кешіктірілмей қорытынды конференцияда өткізіледі

15. Практиканы қорғауды ББ жетекшісінің қызметтік хаты негізінде деканның өкімімен құрылатын комиссия қабылдайды. Комиссия құрамына ББ жетекшісі және ПОҚ кіреді. Комиссия құрамына практика базаларынан практика жетекшілері кіруі мүмкін. Комиссия отырысына кәсіптік практика меңгерушісі қатысуға құқылы.

16. Студенттің практикадағы жұмыс нәтижелерін бағалау кезінде практика базасынан практика туралы пікір, практиканы қорғауға студент ұсынған құжаттардың дұрыс және уақтылы ресімделуі ескеріледі. Кәсіптік практиканың бағасы транскриптке қойылады.

17. Институттан тағайындалған практика жетекшілерінің есептері, студенттердің есептері, ұйымдастыру және қорытынды конференциялардың хаттамалары, күнделіктерді беру парағы және тапсыру актісі, практика қорытындылары бойынша талдау және мониторингпен жалпы жиынтық есеп ББ-да сақталады

18. Қысқартылған ББ-ы бойынша оқитын студенттер институтта меңгерілетін ББ бейіні бойынша жұмыс істеген жағдайда педагогикалық және өндірістік практика үшін жұмыс орнынан анықтама мен мінездеме ұсынады. Оқу-танысу және психологиялық-педагогикалық практика үшін меңгерілетін ББ бейініне қарамастан білім беру ұйымында жұмыс істеген жағдайда анықтама мен мінездеме ұсынады.

19. Практика қорытындылары факультет кеңесінде, академиялық кеңесте, факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитетінде, қажет болған жағдайда практика базасы болып табылатын ұйымдар мәжілістерінде талқыланады.

20. Белгіленген тәртіпке сәйкес практиканы қорғамаған студент қорытынды аттестаттауға жіберілмейді.

21. Практика күнделіктері офис-регистраторға тапсырылады.

22. Практика базалары болып:

- оқу практикасы үшін – зертханалар, институттың ақпараттық-кешендік кітапханасы, білім беру мекемелері (балабақша, мектеп, колледждер), кәсіпорындар, дала жағдайы;

- оқу-танысу, психологиялық-педагогикалық, педагогикалық, өндірістік практикалар үшін – білім беру мекемелері (балабақша, мектеп, колледждер) табылады.

23. Практика базаларының жарғылық қызметі кадр даярлау бейініне және ББ талаптарына сәйкес келуі тиіс.

24. Практика базасында кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлар және студенттердің практикадан сапалы өтуі үшін қажетті материалдық-техникалық база болуы тиіс. Практика базасынан студентке бекітілген тәлімгердің кемінде үш жыл еңбек өтілі болуы тиіс.

25. Институт практика базасымен бекітілген нысан бойынша бір оқу жылына шарт жасасады.

26. Кәсіптік практикадан өту үшін студенттерді практика базалары бойынша бөлу осы Ережелердің 24-тармағының талаптарына сәйкес педагог кадрлардың болуын ескере отырып жүзеге асырылады. Нақты ББ бойынша кәсіптік практикадан өтуге студенттер саны практика базаларының басшылығымен келісіледі.

27. Өндірістік практиканы ұйымдастыру тиімділігін арттыру, сондай-ақ түлектерді жұмысқа орналастыруға және мансаптық бағдарлауға жәрдемдесуді оңтайландыру мақсатында кәсіптік практика меңгерушісі студенттердің өндірістік практиканы ұйымдастыру және өту сапасына қанағаттануына, практика базалары өкілдерінің қанағаттануына мониторинг, практика түрлері бойынша нәтижелерге мониторинг жүргізеді.

